

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты хаттаманы (3-bis бап) бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 4 мамыр N 187-II

Монреальда 1984 жылғы 10 мамырда жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты хаттама (3-bis бап) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты ХАТТАМА

(2002 жылғы 10 қыркүйекте күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

(1984 жылғы 10 мамырда Монреальда қол қойылған)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ АССАМБЛЕЯСЫ,

1984 жылғы 10 мамырда Монреальда өзінің 25-ші (төтенше) сессиясына

Ж И Н А Л Ы П ,

халықаралық азаматтық авиация дүниежүзінің ұлттары мен халықтарының арасындағы достық пен өзара түсіністікті орнатуға және оған қолдау көрсетуге едәуір дәрежеде ықпал ете алатындығын, ал оны теріс пайдалану жалпыға ортақ қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін болатындығын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

алауыздықтан қашық болу және бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілік соған байланысты болатын халықтар мен ұлттардың арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу жөн екендігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

халықаралық азаматтық авиацияның қауіпсіз және тәртіпке келтірілген түрде дамуының қажеттігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

адамгершіліктің қарапайым пайымдауларына сәйкес азаматтық әуе кемелерінің бортындағы адамдардың қауіпсіздігі мен өмірі қамтамасыз етілуі тиіс екендігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

1944 жылғы желтоқсанның жетінші күні Чикагода жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияда Уағдаласушы мемлекеттер:

- әрбір мемлекет өз аумағының үстіндегі әуе кеңістігіне толық және айрықша егемендікке ие екендігін танитындығына,

- өзінің мемлекеттік әуе кемелері үшін ережелер белгілеу кезінде азаматтық әуе кемелері навигациясының қауіпсіздігіне тиісті көңіл бөлуге міндеттеме алатындығына,

ж ә н е

- азаматтық авиацияны Конвенцияның мақсаттарымен үйлеспейтін қандай да болмасын мақсаттарға пайдаланбауға келісетіндігіне КӨҢІЛ БӨЛЕ ОТЫРЫП,

Уағдаласушы мемлекеттердің басқа мемлекеттердің әуе кеңістігін бұзуға және азаматтық авиацияны Конвенцияның мақсаттарымен үйлеспейтін мақсаттар үшін пайдаланылуын болдырмауға және халықаралық азаматтық авиацияның қауіпсіздігін одан әрі арттыра түсуге жәрдемдесуге бағытталған тиісті шаралар қабылдауға шешімділік танытқанына КӨҢІЛ БӨЛЕ ОТЫРЫП,

Уағдаласушы мемлекеттер ұшу кезінде азаматтық әуе кемелеріне қарсы қару қолданбау қағидатын тағы да растай түсуге ортақ ниет білдіргендігіне КӨҢІЛ БӨЛЕ О Т Ы Р Ы П ,

1. Сондықтан да, Чикагода 1944 жылғы желтоқсанның жетінші күні жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгерткен орынды деп ҚАУЛЫ Е Т Е Д І ,

2. Жоғарыда айтылған Конвенцияның 94 а) бабының ережелеріне сәйкес көрсетілген Конвенцияға ұсынылған мынадай түзетуді БЕКІТЕДІ:

3-баптан кейін жаңа 3-bis бап орналастырылсын: "3-bis бап

а) Уағдаласушы мемлекеттер әрбір мемлекет ұшу кезінде азаматтық әуе кемелеріне қарсы қару қолданудан бас тартуы тиіс және оларды ұстап алған кезде борттағы адамдардың өмірі мен әуе кемесінің қауіпсіздігіне қатер төнбеуі тиіс деп таниды. Бұл ереже қандай да болмасын тұрғыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жазылған мемлекеттердің құқықтары мен міндеттемелерін өзгертуші ретінде ұғынылмайды.

б) Уағдаласушы мемлекеттер әрбір мемлекеттің өз егемендігін жүзеге асыру кезінде , егер ол оның аумағының үстінен рұқсатсыз ұшса немесе егер оның осы Конвенцияның мақсаттарымен үйлеспейтін қандай да болмасын басқа мақсаттарға пайдаланылды деп ұйғаруға орынды негізі болса, қандай да бір көрсетілген әуежайға қонуын талап етуге құқығы болады немесе мұндай әуе кемесіне мұндай тәртіп бұзушылықты доғару үшін кез келген басқа да нұсқаулар бере алады. Осы мақсатпен Уағдаласушы мемлекеттер осы Конвенцияның тиісті ережелерін, нақты айтқанда осы баптың а) тармағын қоса алғандағы, халықаралық құқықтың тиісті нормаларымен үйлесетін кез келген тиісті құралдарды қолдана алады. Кез келген Уағдаласушы мемлекет азаматтық әуе кемелерін ұстап алуға қатысты қолданылатын өз ережелерін ж а р и я л а у ғ а к е л і с е д і .

с) Әрбір азаматтық әуе кемесі осы баптың б) тармағына сәйкес берілетін бұйрықты орындайды. Осы мақсатта әрбір Уағдаласушы мемлекет сол мемлекетте тіркелген немесе негізгі қызмет орны немесе тұрақты болатын жері осы мемлекеттегі пайдаланушылар пайдаланатын кез келген азаматтық әуе кемесі үшін оны орындауды міндетті ету үшін өздерінің ұлттық заңдарында немесе ережелерінде барлық қажетті

ережелерді қабылдайды. Әрбір Уағдаласушы мемлекет осындай қолданылатын заңдар мен ережелердің кез келген бұзылуы үшін қатаң жаза көздейді және өздерінің заңдарына немесе ережелеріне сәйкес істі өзінің құзыретті органдарына береді.

d) Әрбір Уағдаласушы мемлекет осы мемлекетте тіркелген немесе негізгі қызмет орны немесе тұрақты болатын жері осы мемлекеттегі пайдаланушы пайдаланатын кез келген азаматтық әуе кемелерін осы Конвенцияның мақсаттарымен үйлеспейтін қандай да бір мақсаттарға қасақана пайдалануына тыйым салу үшін тиісті шаралар қабылдайды. Бұл ереже осы баптың а) тармағына ықпал етпейді және б) мен с) тармақтарын қозғамайды."

3. Аталған Конвенцияның айтылған 94 а) бабының ережелеріне сәйкес жоғарыда айтылған ұсынылған түзету оны жүз екі Уағдаласушы мемлекет бекіткеннен кейін күшіне енетіндігін БЕЛГІЛЕЙДІ, және

4. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Бас хатшысы мәтіндері бірдей тең болатын орыс, ағылшын, испан және француз тілдерінде Хаттама жасасын және оған жоғарыда айтылған түзету мен төменде жазылған ережелерді енгізсін деп ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

- a) Хаттамаға Ассамблеяның Төрағасы мен оның Бас хатшысы қол қояды;
- b) Хаттама аталған Халықаралық авиация ұйымы туралы конвенцияға қол қойған немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің бекітуі үшін ашық;
- c) бекіту грамоталары Халықаралық азаматтық авиация ұйымына сақтауға тапсырылады ;
- d) Хаттама оны бекіткен мемлекеттерге қатысты жүз екінші бекіту грамотасы сақтауға тапсырылған күні күшіне енеді;
- e) Бас хатшы Хаттаманы бекіту туралы әрбір құжаттың сақтауға тапсырылған күні туралы барлық Уағдаласушы мемлекеттерге дереу хабарлайды;
- f) Бас хатшы барлық мемлекеттерге - аталған Конвенцияға қатысушыларға Хаттаманың күшіне енетін күні туралы хабарлайды;
- g) Хаттамаға жоғарыда көрсетілген күннен кейін бекіткен кез келген Уағдаласушы мемлекетке қатысты Хаттама олар өздерінің бекіту грамоталарын Халықаралық азаматтық авиация ұйымына сақтауға тапсырғаннан кейін күшіне енеді.

ОСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ, Ассамблеяның жоғарыда көрсетілген іс-қимылдарына сәйкес,

Осы Хаттаманы Ұйымның Бас хатшысы жасады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, оған Ассамблея уәкілеттендірген жоғарыда айтылған Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Ассамблеясының жиырма бесінші (төтенше) сессиясының Төрағасы мен Бас хатшысы осы Хаттамаға қол қойды,

бір мың тоғыз жүз сексен төртінші жылғы мамыр айының оныншы күні Монреальда орыс, ағылшын, испан және француз тілдерінде бір құжат түрінде ЖАСАЛДЫ және де әрбір мәтін бірдей тең болып табылады. Осы Хаттама

Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мұрағатында сақтауда қалады, ал оның куәландырылған көшірмелерін Ұйымның Бас хатшысы барлық мемлекеттерге - бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылғы желтоқсан айының жетінші күні Чикагода жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның тараптарына жолдайды.

Ассамблеяның 25-ші (төтенше)
сессиясының Төрағасы

Бас хатшы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК